

Серік
Абдуллаұлы


ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ



Hodgkinson -





Серік
Абдуллаұлы



ТАҢДАМАЛЫ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

2



Алматы
2007



ҚазАқпарат

ББК 84 Қаз 7-5

Ғ 13

Ғабдуллаұлы С.

Таңдамалы. 2 том.— Алматы: ҚАЗАқпарат 2007.

- 357 бет.

ISBN 9965-824-04-5

Серік Ғабдуллаұлының қолдарыңыздағы таңдамалы өлеңдер жинағының екінші томына ақынның соңғы жылдары жазылған жаңа өлеңдері мен толғаулары, балладалары мен дастандары енгізілді.

ББК 84 Қаз 7-5


Ғ $\frac{4702250202}{00 (05) 07}$



ISBN 9965-824-04-5

© С. Ғабдуллаұлы, 2007

Төртінші ағын —

Сезім күнделігі





Ақ үрпек балапандардай
Алаңсыз жүзген айдында,
Тап-таза тұнық тандардай
Сәбилік, қалдың қай қырда?!

Жүрсің бе қуып көбелек,
Бақбақтың басын гүл шалып?!
Бір хабар маған бере кет,
Қараймын көзге күн салып.

Соңғы бір кезде түсіме
Енесің жиі мазалап.
Сағыныш екен кісіге,
Жайрандап өткен жаз алап.

Бүлдірген теріп көкалдан,
Астында қалдық жаңбырдың.
Ойыннан басқа жоқ арман,
Қайда екен сол бір жан құрбым?!

Оралдың ойға от алып,
Тыраулап қайтқан тырнадай.
Сабасын жырдың қотарып,
Тұрамын қалай жырламай!!

Таусылып дәмі тірлікте,
Шырағы сөнсе құрбының,
Соңына қойып бір нүкте,
Мұнайтып кетер мұңлығын.

Бал дәурен қайда кешегі,
Суындай мөлдір тұманың!?
Көңілдің бұлты көшеді,
Тәңірден іздеп тұрағын.



Баладан дана болғанша,
Сағыныш жанға түнеді.
Жүретін алда жол қанша,
Тәңірдің өзі біледі.

Айналар күлге бір демде,
Қураған өмір, тезексің!..
Жұбынды жазбай жүргенге,
Жалғанда жалғыз не жетсін!?

СҰРАМА

“Кім болды бұл?” – деп сұрама,
Шыққанда үйден шалқалап.
Қалдырды нені мұраға,
Әкетті нені арқалап?..

Өгейсіп өксіп өмірден
Өтті ме жүгі ауырлап?!
Сырғанап тірлік төрінен
Түсті ме ерін бауырға ап?!

Запыран құсқан заманның
Батты ма жанға бедері?!
Арманы асқақ Адамның
Болады биік беделі.

Өлеңнен ләззат алғанның
Билейді бойын “еркелік”.
Шегіне сыймай жалғанның
Кетті ме жаны өртеніп?!

Сұраққа жауап қайтармай,
Жылайды жүрек тек үнсіз.



Кетсең де сырды айта алмай,
Кетпесең болды кебінсіз.

“Кім болды бұл?” – деп сұрама,
Топырақ таста бір күрек...
Жібек жыр қалды мұраға,
Сезімнің сазы үлбіреп.



Қиық Ай көкте мұңданып,
қарайды бұлттан ұрланып.
Тамшысын талға сырға қып,
Жауады жауын бір қалып.

Мұнарға малып маңдайын,
Тамшыға тосып таңдайын,
Суғарып суға шалғайып,
Терлейді терек, тал, қайың.

Идіріп жауын тұмсаны,
Жіліншік майы жұмсады.
Көрмеген ырыс мұнша әлі,
Жібіді жердің құрсағы.

Ызғарға тұрған тұншығып,
Көктеді нәзік мың шыбық.
Бұтақты жарып бүр шығып,
Ұмтылды құштар құлшынып.

Жеткендей көкке төбесі,
Сөгіліп ызғар көбесі,
Өрістеп өмір өресі,
Түледі тірлік төресі.



Уақыт өтті зымырап,
Тоқтамай сәтке тыным ап.
Жашырақ төкті жылы бақ,
Төресі кетті, құлы қап.

Мезгіл мен мезгіл ауысқан,
Тураған еттей тауысқан...
Желменен қаңбақ, қау ұшқан...
Шықылықтайды сауысқан.



Барқыт түнде төсіңе төркіндегем,
От-жалынға орадың өртіңменен.
Жауын жуып өткен жас қарақаттай,
Қарашығы көзіңнің мөлтілдеген.

Мөлтілдеген өзіне табындырып,
Еліктейін еркімді бағындырып.
Ай астында арманның жетегінде
Бұлдырайды сағымдай сағындырып.

Сағындырып...
Қызыққа кенелетін,
Кеудеде Күн күлетін,
төбеде түн...
Үнсіз ғана жүректер ұғынады,
Махабаттың сыйқырлы кереметін.

Кереметін түйсініп ғашықтықтың,
Жүрегімнің қақпасын ашып күттім.
Ақ Ертістің көктемгі қуатындай,
Буырқанып бұрқырап тасып біттім.



Тасып біттім...
Сабама қайырылдым,
Босағанын байқамай айылымның...
Күнге қаңсып қаңқасы қалды ма екен,
Сен екеуіміз тербелген қайығымның.



Сол менді қыз әлі де арман маған,
Көңіл бүгін алаңсыз алданбаған.
Құдай болып кететін сияқты ғой,
Шырағдандай бақыты жанғанда Адам!?

Білектей қос бұрымы бұлғақтаған,
Қара-торы дидарын күн қақтаған,
Сол менді қыз-асылы қазынамның,
Дүниенің бәрінен қымбат маған.

Қызық күндер оңымыз, солымызда,
Қырдың қызыл гүлдері қолымызда.
Махаббаттың қуатын көпір етіп,
Жүректерді төседік жолымызға.

Жолымызға гүл бітіп жайқалады,
Қуанышын келер күн қайталады...
Көктемдей құлпырған көңілдердің
Таусылмайды мәңгілік айтар әні.



Жаралғандай от-жалыннан жүрегін,
Нәр алғандай сүйдіруден гүл ерін.
Құштарлықтың құшағына құладым,
Көкөрім шақ көктемінде түледім.



Көктем еді қызғалдағы құлпырған,
Сенің қара көздерінде нұр тұнған.
Көл бетінде қос ақ құдай жұптасып,
Махаббаттың ләззат таптық жұртынан.

Араладық махаббаттың бақтарын,
Байқамадық күн батып, таң атқанын.
Кеудемізге қуанышты құндақтап,
Шомылдырды шуағына шат қалың.

Бетімізден сүйді самал саумалы,
Сұлулығын сыйлап жастық баулары.
Періштедей сенің аппақ көңілің
Асау тайдай жүрегімді жаулады.

Жаулады да,
Мекен етті мәңгілік,
Махаббатты арманына ән қылып...
Қол ұстасып қырдан асып барамыз,
Кеудемізде құлын дауыс жаңғырып.
Ақ махаббат- мәңгілік!..



Сағыныштың
Сарыала таңы атқанда,
Сары жапырақ
Сусылдап ұшып жатқанда,
Қабакқа келіп
көлеңке қонған шақтарда
Күттің бе мені ?!

Жалаңаш қалған
Ағаштай күзгі бақтарда,
Көңілдің көзін



Сағыныш бұлты жапқанда,
Бұтақтар мұздан
Күмістей моншақ таққанда,
Күттің бе мені?!

Қиылып келіп
Қиық Ай жаңа туғанда,
Ақ жауын
Көңіл әйнегін күзде жуғанда,
Сағыныш селі
Шыға алмай іштен буғанда,
Күттің бе мені?!

Жұптасып жүзген
Айдында аспақ қуларға
Қызыға қарап,
Тамырда қаның тулар ма?!
Қырғый боп қиял
Көгершін ойды қуғанда,
Күттің бе мені?!

Күлімдеп күнің
Төбеден төніп тұрғанда,
Сезімің сіңіп
Құйылған көктен нұрларға,
Жаныңды қинап
Жалғыздық қақпан құрғанда,
Күттің бе мені?!

Тыңдайсың көлге
Қаңқылдап қонған қаз үнін,
Үкілі үміт
Адаспас "темір қазығың",
Жүрекке ғашық махаббат
Болар азығың,
Күте бер мені...



Тыныш бөлме,
Тұнық ойға түн серік,
Терезеден төнеді Ай нұр сеуіп.
Қиялыма қанат берген, қалқашым,
Түсіме кеп жүрші еніп.

Күндіз-түні сырласамын,
Тілдесем,
Ойымда да,
Қиялымда бірге сен.
Сағыныштың сары уызын тамсанып,
Ұйқылы-ояу күн кешем.

Шапағаттың шуағындай нұр жүзін,
Жүрегіме қонақтаған жұлдызым.
Көктемнің күні болып сүйейін,
Қызғалдақтай қыр қызын.

Шабытымды тау суындай тасыттың,
Жырын жаздым Мәжнүндей ғашықтың.
Өзің жайлы өлеңімді оқуға

Ауылыңа асықтым.
Ай да,
Күн де,
Жұлдыз да емес көктегі,
Күйдіреді бірақ мені от демі.
Күн қақтаған қара торы қыр қызы
Өмірімнің көктемі.

Тыныш бөлме,
Терезеден Ай қарап,
Сүт сәулесін тұр жаньма жаймалап.
Сезімімнің сіміремін шәрбәтін,
Қырдың қызын аймалап...



АЙТАРЫҢ БАР МА ДЕСЕ...

Айтарың бар ма десе ұрпақтарым,
Шындықты айтам,
Жоқ одан бұлғақтарым.
Жырымның жылуымен жазсам деймін,
Тағдырдың жанға салған сырқаттарын.


«...Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген»,
Бауырым суып,
басыма бұлт ілінген,
заманамен алысып, жағаласып,
Таңым атып, сан рет түн түрілген.

Бас имей алдында да қазіреттің,
Алғы күн армандарын азық еттім.
Дархан дала төсіне тарихымды
тұлпардың тұяғымен жазып өттім.

Жаугершілік заманым тыным бермей,
Кез де болды тірліктен түңілгендей.
«Ақ табан шұбырынды» заманында
Сезіндім атым әнтек сүрінгендей.

Қарайып қайран жүрек қасіреттен,
Жонымды жоңғар кеше басып өткен.
Ат жалында азаттық жолын қуып,
Қарындастың көзінің жасы кепкен.

Өлмедім, талай рет қансырадым,
Күрестім қалғанынша тамшы қаным.
Сабылтып сары далада сары үмітті,
Намысты қалғып кетсе қамшыладым.



«Басынан Қаратаудың көшкен» елім,
Мәнісін білмей өтті-ау ештеменің.
Жалғыздық жаныма әбден батқан кезде,
Түсіндім түбі туыс дос керегін.

Байлығым мен базарым – сағым далам,
Дүбірлетіп төсінде жалындағам.
Желпілдеп туырлығым жел өтінде,
Қамалы болдым жаудың алынбаған.

Тайса да талай рет тастан табан,
Тағдырдың толқынында жасқанбағам.
«Айырылып қарындастан» қалған кезде,
Селеудей сақалымнан жас парланған.

Көне алмай маңдайыма жазғанына,
Ұмтылдым көкала үйрек – жаз бағыма.
Желмаямен іздедім Жерұйықты,
Домбыраның үн қосып саздарына.

Жеткенімнен көп әлі жетпегенім,
Күзде солып,
көктемде көктеп едім.
Жүрегімді жұлып жеп жатқанда да,
Тағдырымды өкпеге тешегемін.

Қарсы алдым азат таңның атқанын да,
Бақыттың шырағданын жаққанын да...
Шайқалып киіз үйдің шаңырағы.
Тағы да күнім қайта батпады ма?!

Жүдетпей мынау тамыр-тіршілікті,
Сөндірмей саған деген жыршы – үмітті,
Өмірдің өткелінен өтіп келем,
Ізіме қадап көктер бір шыбықты.



Жұмыр Жердің айналатынын білдім,
Бал бақыттың байланатынын білдім
Мұнданса көңіл мұнар басқандай,
Қуаныш-күлкі жай қалатынын білдім.

Айтылған сөздің оқ екенін білдім,
Тойынған қарын тоқ екенін білдім.
Тағдырменен тай-таласпасаң сен,
Бақыттың да жоқ екенін білдім.

Құмырсқадай күн кешкенімді білдім,
Тіршілікпен үндескенімді білдім.
Тал бесікте тербеліп жатып,
Табиғатпен бірге өскенімді білдім.

Қанатты қиял ұсталығын білдім,
Өкінішті өмір қысқалығын білдім.
Сарғайып солған жапырақтардай,
Бастағы бақтың ұшпалығын білдім.

Көр кеуденің шырақсыздығын білдім,
Тұрлаусыз тірлік тұрақсыздығын білдім.
Ұзарар өмір ұрпағыңменен,
Ұрпақсыз жанның мұратсыздығын білдім.

Бәйшешек – ғұмыр бүр жаратынын білдім,
Балдырған жүзі нұрланатынын білдім,
Жалындап өткен жүрек біткеннен
Жаныңа азық жыр қалатынын білдім.



Отыр екен қарт тұра алмай төсекте,
Алқынады әл біткендей қос өкпе.
Мұндай тірлік қаламадым басыма,
Ұзақ жасау құрмет пен сый десек те,

Жалын сөнген жанарында жас тұнып,
Көңілінен күлімдеген қашты үміт.
Айналаға жат көзбенен қарайды,
Тастағандай бауыр етін тас қылып.

Жаутандайды сұрағандай бір медет,
Бере алады бұл ғаріпке кім көмек?
Алпыс екі тамыр бірдей суалып,
Матағандай төсекке кеп күрмелеп.

Сайрап тұрған сана қайда, тіл қайда?
Жанарында ойнақтаған нұр қайда?
Тірлік шіркін қу ағаштай қуарып,
Көз алдында қуанышты ұрлай ма?!

Жұбатуға батпадым қарт көңілін,
Баса алмадым әңгіменің көрігін...
Армандаған осы балса «бақытым»,
Керегі жоқ мұндай «бақытты» өмірің?!



Тірліктің талқысында түледім бе?!
Тағдырдың тәттілігін тіледім бе?!
Жанымның жапырағы жайқала ма,
Жарқырап ізім қалмай бұл өмірде.



Жасымда көп болды ма сәтті күнім,
Басыма ұялапты бақ-ғұмырым.
Сенбеймін дүниеден өтеріме
Жұртыма барып жетпей ақтық үнім.

Мұнар мұң бұлтқа келіп ұласады,
Жазылмай тұрғаннан соң құлаш әлі.
Жақыным, жанашырым жаныма кеп,
Ақырын хал-жайымды сұрасады.

Несіне тағдырыма кектенейін,
Алғыстан алған менің көп мерейім.
Жанына жақсылықтың жақын жүрдім,
Қалайша қызғалдақтай көктемейін?!

Білінбей өтіп жатыр тылсым ай-күн,
Кеудемде күбірлейді жыр-шырайлым.
Жанымның жанашыры – ақ жүрегім
Ұйықтап қалмасын деп тыншымаймын.



Кеудесінен ұшқан кептер – жаз әні,
Азалының қайғы-дертін жазады,
Түн баласы жыр әлемін аралап,
Ақындықтың тыным бермес «азабы».

Қиянатты көрсе көңіл азалы,
Шабытының бұрқылдайды қазаны.
Дөңбекшиді көңілінде дүние,
Оның мынау тағдырына мазалы.

Тарқағандай кейде бақыт базары,
Көкірегі көксейді тап-тазаны.



Ақиқатты армандаумен алысып,
Ақын жүрек тартады көп жазаны.

Жүрегінде маздап жанған от барда,
Ойы ортайып,
жүйрік қиял тоқтар ма?!
Адалдықты ақтап алу үшін де,
Кеуде тосар қара ниет – оқтарға.

Бар ақынның дүниедегі азабы –
Бұғауға ойы түсіп кетсе назалы.
Шындығыңды шырақ етіп сөнбейтін,
Жүрегінің қаныменен жазады.

АДАМ БОЛСАҢ? ...

Адам болсаң, асқақтама, ар тыңда,
Ойлап жүргін, із қалды ма артыңда.
Ізгілікті ескерткіш қып орнатсаң,
Мәңгі сені есте тұтар халқың да.

Адам болсаң, асқақтама, ал тыңда,
Сырлы өмірге сый дайында тартуға.
Надан болып күншілікпен күңкілдеп,
Дайын тұрма өмірге өкпе артуға.

Өмір деген сұм тіршілік екен деп,
Арта салма ауырынды көтер деп,
Қонағы бол сол қадірлі дүниенің,
Бекер кетпе, жер үстіне бекер кеп.

Адам болсаң, асқақтама биік тым,
Бақытыңды бағалап өт, сүйіктім.
Жүрегіңмен жүрсең жерді жаңғыртып,
Кішірейер саған басын иіп Күн.



Адам болсаң, бағбан болып қалдыр бақ,
Өте шықпай бос арбадай салдырлап.
Ең алдымен жан сақтамай, ар сақта,
Дүниедегі бар асылдан ар қымбат.

Ғұмырыңа назыңды артпа келте деп,
Уақыт жүйрік, гүлдеуге асық ертерек.
Айхай, шіркін шаттыққа орап жер бетін,
Қуанышпен қауышу ғой еркелеп.

Адам деген...

Адам деген, айтпай-ақ қой, керемет!
Жаны - жайсаң, жүрегі - жыр, өлеңі - от.
Сондықтан сен мынау нұрлы дүниеге,
Теңіздей тер, таудай табыс бере кет.

Бола ма, дос, тірлікке наз артуға,
Жаз өмірде жалын құшып жарқылда.
Сен өзінді бақыттымын деп сана,
Ізгіліктің ізі қалса артыңда.



Тірлікті толғауменен толықтырам,
Жолымда қандай асу жолықтырам?!
Соңғы кезде әйтеуір бірдемеге
Үлгермей қалатындай болып тұрам.
Күңгірт-тартқан күндердің керуенін,
Өлеңімнің отымен молықтырам.

Асыл арман таусылар күні бар ма?!
Алдарқатып тұрады күліп алда.
Көктемдегі жаңа өскін қызғалдақтай,
Бақшасында көңілдің құбылар ма?!
Бірдемені тынымсыз іздей берем,
Жылғасында жанымның жыры барда .



Қиял да көп, ой да көп, арман да көп,
Көлденеңдеп шығады алдан бөгеп.
Тыныштықтың қойнына кіріп кетсең,
Түрткілейді, «тірлікке алданба» деп.
Кейде ойлаймын: «қуаныш-ренішің...
тіпті тірі жүргенің жалған ба» деп?!
Кей түн шығам көзімнен шырым алмай,
Тәтті ұйқы татымас сүрі балдай.
Мазалайтын немене? Мазалайтын
періште ме, сайтан ба?..
Түрі қандай?..
Бірде үріп, ал бірде ұлығандай.

Бақсыдайын селкілдеп жыны ұстаған,
Қара терге малшынып құрыстанам.
Төгіп-төгіп алғандай нөсерлетіп,
Дауылдан соң теңіздей тынышталам,
Көтеріліп кеудемнен Күн келеді,
Алтын алқа, жез түйме, күміс таған.

Дүбірлетіп дүниені дүрбелеңді,
Жаудырамын жаңбырдай жырды, өленді.
Кемпірқосақ кеуденің көкжиегі,
Оранғандай үлде мен бүлдеге енді.
Жынын алған бақсыдай мен отырмын,
Жоғалтып алғандаймын бірдемемді...

БІРЕУ-АҚ

Жұмыр Жер – Анаң ардақтар,
Жүрегі жылап тұр бүгін.
Тағдырға түсер салмақ бар.
Біреу-ақ көкте нұрлы Күн.



Біреу-ақ жұмыр Жер дағы,
Жоғалтып оны алмайын.
Кіндіктес Жер мен ел бағы.
Жарқырап тұрған маңдайы.
Біреу-ақ алтын Ай-дағы,
Біреу-ақ күміс күлкің де.
Қайнаған өмір аймағы,
Жоғалып кету мүмкін бе?

Қайралып қайрат тұр бүгін.
Дауысы дауыл соқтырып.
Біреуі қорғап тірлігін,
Біреуі жоймақ жоқ қылып.

Тағдыры түссе талқыға,
Мүмкін бе әлем жыламау?
Адамға ауса бар күнә,
Мүмкін бе жауап сұрамау.

Төнеді қатер жұлдыздан,
Күдігін сеуіп көңілге.
Тамырын түптен жұлғызған
көктемес қайта өмір де.

Осыны ғана ұғайық,
Алсын да тірлік бір тыным.
Жұмыр Жер үшін жүрейік,
Көңілдің жамап жыртығын.



Ұйқылы-ояу жүргендей болам кейде бір,
Бағыңда сені сайрата алмай, ей көңіл!
Қиялға мініп,
қиянға қаңғып кетемін,
Дуадақтайын далада кезген бейне құр.



Тұлпар да емес,
жабы да емес мінгенім,
Белгілі жұрттың қатарында ғана жүргенім.
Кісілер көп қой кісілігімен күн көрер.
Адам боп қалу келе ме қолдан, білмедім?!

Адамшылықты арқа тұтуға қақым бар,
Соның бойынан шығады асыл ақылдар.
Кісімсігенді кісі ғұрлы да көрмеймін.
Әрқашан одан биікте тұрған ақындар.

Олар да мені санамас досқа, жолдасқа,
Адам мен кісі арасында да жол басқа.
Жағымпаз да емеспін,
жұғымпаз да емеспін, сондықтан
болайын деп қол созбаймын болмасқа.

Біреуден озып,
біреуден қалып жүрмін мен,
Бәйгеге түссем,
түсемін нағыз дүлдүлмен.
Шашашына шаң жұқтырмайтын жүйрік
тұлпар да кейде тұяғын тасқа ілдірген.

Өмірдің ол да жазылмаған, мүмкін, заңы да,
Ілесе алмас қас жүйріктердің шаңына.
Жабыны да жаратқан шығар «бір құдай»
Дүлдүлдің кейде сызат салатын сағына.

Күйбеңмен өткен кісілерді де күндемен.
Желкенін жайып жайына кетер жыр-кемем
Арманым бөлек,
араласып күнде жүрсем де,
Менменсігенмен тірлікте мынау бірге емен.

Ақын болам ба,
елесем мен де ондайды,
Асыл арманның арнасы асып толмайды.



Кісіні қойшы,
азайып кетсе адам бұл,
жүрегім жүдеп,
жылусыз жырын толғайды.
Айналайын, адамдығыңнан айрылсан,
Орны толмайтын бәрінен-дағы сол қайғы!

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көңілді елендеткен көптен бері,
Айналып жыл құсындай көктем келді.
Әжелерім тоқыған алашадай
Құлшырады ауылдың көк белдері.

Көктем келді,
жаңғырды дала бүгін,
Шашып тастап бөктерге лала гүлін.
Самалменен жарысып барады, әне,
Қыр астында қызғалдақ балалығым.

Көктем келді,
әкелді жылылықты,
Айбарлы ызғар түкпірге тығылышты.
Ақ көрпесін айқара жапқан қысың
Шыңға қарай сырғанай сырылышты.

Гүлді көйлек киген қыр құлшырады,
Бала жусан жұпары бұрқырады.
Жапырақтың жонына қонған шықтың
Жанарында жылтырап нұр тұнады.

Көз тоймайтын тамаша көріктілік,
Сезімімді сүйрейді серік қылыш.
Жүрегімді жырлатып жібереді,
Қақпасына кеудемнің еніп тұрып,